

Қ.Т. Жанұзақова^{1*}, М.К. Ахетов², Ж.А. Байбатшаева³

^{1,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Алматы, Қазақстан

²М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru, ²mamayachet@mail.ru, ³zhadra-87@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-7170-8362, ²0000-0003-0231-2553, ³0009-0004-4789-5195

ОРАЗБЕК СӘРСЕНБАЕВ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Аңдатпа. Мақалада қарымды қаламгер Оразбек Сәрсенбаевтың кеңес заманындағы қоғамның тыныс-тіршілігін нанымды суреттеген «Шеңбер» романы мен әңгімелерінің көркемдік әлемі қарастырылған. Романның көркемдік ерекшеліктеріне баса назар аударылып, шынайы өмір шындығы көркемдік шындықпен сабақтастықта сипатталғаны нақты деректермен берілген. Жазушы туындыларына арқау болған кейіпкерлердің барлығы күнделікті өмірде өзіміз көріп жүрген таныс адамдар мен замандастар, ауыл адамдарының боямасыз болмысы мен қарапайым тіршілігі екендігі зерделенеді. Әдебиет майталманының өз шығармаларында кейіпкерлердің ішкі әлеміне шынайы және нақты детальдар арқылы енуге мүмкіндік беретін бірқатар психологиялық әдістерді қолданғаны зерделенеді. Жазушы туындыларының реалистік сипатта жазылып, адам мен қоғам, адам мен адам арасындағы күрделі қарым-қатынастарды психологиялық ситуациялар арқылы бейнелеп, қазіргі қоғамда көтеретін әлеуметтік жүгі туралы қорытындылар жасалады. «Шеңбер» романында қарапайым шаруа адамдарының мінез-құлқы, өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттері мен сезім құбылыстары, тіршілік жайы қағаз бетіне боямасыз түсірілгені шынайы өмірдің көрінісін беретін мықты көркемдік қуатқа ие екені пайымдалады. Романдағы кейіпкерлердің сырт көзге тынық, бірақ үнемі терең моральдық күйзеліс, өз-өзімен ар-ожданы алдында тайталас жағдайында жүретінін суреттеу арқылы сөз сандағының оқырманға әсер ету шеберлігіне назар аударған.

Кілт сөздер: роман, әңгіме, көркемдік әлем, проза, реалистік сипат, кейіпкерлер.

Қ.Т. Жанұзақова^{1*}, М.К. Ахетов², Ж. А. Байбатшаева³

^{1,3}Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

²Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru, ²mamayachet@mail.ru, ³zhadra-87@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-7170-8362, ²0000-0003-0231-2553, ³0009-0004-4789-5195

Художественный мир прозы Оразбека Сарсенбаева

Аннотация. В статье рассматривается художественный мир романа «Круг» и рассказов известного писателя Оразбека Сарсенбаева, убедительно описывающих жизнь общества в советское время. Акцент делается на художественных особенностях романа, а реальная жизненная действительность описывается в преемственности с художественной действительностью. Все персонажи во произведениях писателя – это знакомые люди и современники, которых мы видим в повседневной жизни, в простой жизни сельских жителей. Изучено, что литературный мастер использовал в своих произведениях ряд психологических приемов, позволяющих проникнуть во внутренний мир героев через реальные и конкретные детали. Произведения писателя написаны реалистично, через психологические ситуации изображаются сложные отношения человека и общества, человека и человека, делаются выводы о

социальной нагрузке, которую он несет в современном обществе. В романе «Круг» поведение простых трудовых людей, их поступки и эмоциональные явления в жизненных ситуациях, места их обитания, которые изображены на бумаге без прикрас, обладают сильной художественной силой, создающей впечатление реальной жизни. Он обратил внимание на способность воздействия слова на читателя, описав, как герои романа внешне спокойны, но всегда находятся в состоянии глубокого морального напряжения и конфликта с совестью.

Ключевые слова: роман, повесть, художественный мир, проза, реализм, персонажи.

К.Т. Zhanuzakova^{1*}, М.А. Ahetov², Zh.A. Baibatzaeva³

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

²M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru, ²mamayachet@mail.ru, ³zhadra-87@mail.ru

ORCID:¹0000-0001-7170-8362, ²0000-0003-0231-2553, ³0009-0004-4789-5195

The artistic world of Orazbek Sarsenbayev's prose

Abstract. The article deals with the artistic world of the novel "Circle" and the stories of the famous writer Orazbek Sarsenbaev, convincingly describing the life of society in the Soviet era. The emphasis is on the artistic features of the novel, and the real life reality is described in continuity with artistic reality. All the characters in the writer's works are familiar people and contemporaries whom we see in everyday life, the simple life of rural residents. It is studied that the literary master used a number of psychological techniques in his works, allowing to penetrate into the inner world of the characters through real and concrete details. The writer's works are written realistically, through psychological situations the complex relations of man and society, man and man are depicted, conclusions are drawn about the social burden that he bears in modern society. In the novel "Circle" the behavior of ordinary working people, their actions and emotional phenomena in life situations, their habitats, which are depicted on paper without embellishment, have a strong artistic power that creates the impression of real life. He drew attention to the ability of the word to influence the reader, describing how the characters of the novel are outwardly calm, but always in a state of deep moral tension and conflict with conscience.

Keywords: novel, short story, artistic world, prose, realism, characters.

1. Кіріспе

Тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасы бұрынғыдан өзгеше жаңа бір сипатта көріне бастады. Қазақ жазушыларына бұрын-соңды тиым салынып келген тың тақырыптарға қалам тербеуге, шығармашылық эксперименттерге баруға зор мүмкіндіктер туды. Осы жылдарда прозаның жетекші жанры романдар санының арта түскенін байқауға болады. Қол жеткізген сөз бостандығы нәтижесінде қазақ жазушылары ешбір шектеусіз көне тарихты, кешегі Кеңес кезеңіндегі қоғам қайшылықтарын, дәуір шындығын шынайы бейнелеуге мүмкіндік алды (Zhanuzakova, 2018). Мұндай романдарда түркі халықтарының ежелгі тарихынан бастап, түрлі дәуірлердегі қазақ тіршілігінің көркем панорамасы жасалады. Осылайша, қазақ халқының үміті мен аңсарынан туған тарихи романдар оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Осы тұста жазылған романдардың тағы бір бөлігіне ХХ ғасырдағы қазақ тарихы мен Кеңес дәуірі аталған айрықша кезеңнің тыныс-тіршілігі арқау болды. Солардың ішінен талантты прозаик Оразбек Сәрсенбаевтың «Шеңбер» романын ерекше атап өтуге болар еді.

Оразбек Сәрсенбаев – әдебиет әлеміне өз үнімен, қайталанбас төл қолтаңбасымен келген қаламгер. «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «1961» атты публицистикалық дастаны өз кезеңі үшін елеулі жаңалық әкелген шығарма болды. Жазушының жиырмадан астам кітабы жарық көрді. Олардың барлығы дерлік көркемдігі жоғары, қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып орын алуға лайық туындылар еді. Поэзиядағы алғашқы айтарлықтай жетістіктеріне қарамастан қаламгер кейін біржолата прозаға ауысады. Қазіргі оқырманға жақсы таныс прозалық шығармаларын өндіре жазып, қара сөздің саңлағына айналады, көркем әңгіменің шебері болып танылады. Жазушының өз айтуы бойынша, прозаға көшуінің себебі оның демократиялық жағынан өте еркін жанр болғанынан да еді (Сәрсенбаев, 2005: 27). Поэзиядағы шындық бірден көзге ұрып тұратындай тым айқын болса, прозада жазушы ресми идеологиямен үйлесе бермейтін тосын ойларын, ұсынбақ идеясын, өмірлік пәлсапасы мен жеке көзқарастарын туындыдағы кейіпкерлердің аузына салып, іс-әрекеттері арқылы көмкеруге болар еді. Әрбір шығармадан саяси астар іздейтін тіміскі-сыншыларды осылайша қапы қалдыруға болатын. Сонымен бірге, О. Сәрсенбаев 1960 жылдары әлі де толық қалыптасып бола қоймаған әдеби сын саласында, көркем публицистика, тарих, мәдениет, философия бағыттарында да өнімді еңбек етті. Қаламгерлік қызметпен қатар, баспагер және аудармашы ретінде ислам әдебиетін қалың оқырманға насихаттау ісіне белсене атсалысты. Осы бағытта «Құран Кәрім», «Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері», «Шайтаннан сақтану жолдары», «Сиқырдан сақтану және емделу жолдары», «Адал мен арам», «Мұсылмандық әдеп сабағы», «Мұхтасар» сынды кітаптарды ана тілімізде сөйлетуде зор еңбектер атқарды. Діни тақырыппен шектеліп қалмай, В.Короленко, В.Иванов, Ф.Абрамов, Ф.Искандер секілді айтулы қаламгерлердің таңдаулы әңгімелерін аударып, қазақ оқырманына ұсынды.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланың зерттеу нысанына қаламгердің прозалық туындылары, атап айтқанда әңгімелері мен «Шеңбер» романы алынды. Зерттеуде О.Сәрсенбаевтың прозалық туындыларына мәтіндік талдау, салыстыру, кейіпкерлер характерлерін, композициялық, жанрлық талдау жұмыстары жүргізілді. Мақаланы жазу барысында сараланатын материалдарды топтастыру, мәтіндік талдау және жүйелеу, психологиялық, салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Зерттеудің материалы мен әдіснамалық негізі ретінде О.Сәрсенбаев шығармашылығын қарастырған қазақ ғалымдарының теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Мақала нысанына арқау қаламгер прозасы және жазушы туындылары туралы теориялық тұжырымдар мен әдеби баға берген ғалымдардың зерттеулерін негізге алынды. Сонымен қатар, осы мақаланың зерттеу бағытын айқындайтын қазақтың қазіргі көркем прозасының негізгі ерекшелігін талдау үшін арнайы зерттеулерде бағдарға алынды.

3. Талқылау

Шағын әңгіме немесе көлемді романдары болсын, жазушының терең білімнен тамыр тартқан шеберлігі нәтижесінде туған әрбір көркем шығармасын оқырман

жоғары бағалайды. Себебі, өзінің өмір сүру салтында да биік рухани һәм кісілік келбетімен ерекшеленген суреткер өз шығармаларында да әрбір оқиғаны, әрбір кейіпкерін жоғары гуманистік принциптер арнасында нанымды әрі көркем етіп сипаттайды. Шығармалары реалистік сипатымен оқырман көңілін баурап, айшықты өрнектерімен ерекшеленеді. Оның әрбір туындысына шүбәсіз сеніп, іштей мақұлдап, қаламгермен бір толқында отырғандай әсерде боласың. Әңгімелерінің кейіпкерлері өз ортамыздағы қазақы болмысымен ерекшеленетін, түгел дерлік туған түтінінің қарапайым тіршілік иелері. Шаруа адамдарының мінез-құлқы, өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттері мен сезім құбылыстары, тіршілік жайы қағаз бетіне боямасыз түсірілгендіктен шынайы өмірдің көрінісін беретін көркемдік қуатқа ие. Мысалы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған атақты күрішші Ыбырай Жақаев атамздың өмірдегі қарапайым тіршілігін сипаттап жазылған «Ыбырай түбегі» деген әңгімесі оқырманға нанымды хикаят (Сәрсенбаев, 2010).

Сонымен бірге, автордың әңгімелеріне тән өзіндік бір ерекшелік – оның нақты өмір шындығын салмақтауымен қатар сан қилы тағдырлардың қым-қуыт тоғысын реалистік шеберлікпен суреттей келіп, кейіпкерлердің түрлі пиғылын, ниетін айқындау арқылы қоғамдағы өзекті әлеуметтік проблемаларды қозғайтыны. Атап кеткеніміздей, жазушы көбінесе ауыл өмірін суреттейді. Оның «Жиде гүлдегенде», «Жақсының көзі» жинақтарына енген әңгімелерден сол уақыттағы ауыл адамдарының боямасыз тіршілігін, қайталанбас түйсік-сезімін, қайшылық-қақтығыстарын көруге болады.

«Қосқұлақтың басында» атты әңгімесінен осы атаған ерекшеліктерді анық аңғарамыз. Бұл әңгімеде облыстық газеттің редакторы Б.Жарылқасынов бастаған бір топ жергілікті басшылар мен мамандар шопандар қонысын аралағаны баяндалады. Жалаң сипаттаумен шектелмей, автор әрбір кейіпкердің мінез-құлқынан, ситуациялық жағдайдағы іс-әрекеттерінен де хабардар етіп отырады. Тосыннан келген газет редакторының алдында шаруашылық басшыларының қатты қысылуына әкелген жағдай – малшы қора-қопсысының жұпыны қалпы, жалпы жай-күйінің мәз еместігі болатын. Шопанның мұндай күйге түсуі өз міндеттеріне салғырт қараған басшылардың әрекетінен болса да, олар кінәнің бір ұшын қойшы Көбентайға әкеп тірейді. Әңгіменің басталар тұсындағы осынау келеңсіз жайттардан-ақ кімнің кім екені көрініп қалады. Шопанның жағдайын көзімен көріп тұрған газет редакторы Бәкір ауыз ашпаса да, сезікті боп секіріп, өз-өздерінен қуыстанған басшылар әшкере болады. Колхоз төрағасының әсіре маңғаздықпен жасырған көлгірлігі, ферма меңгерушісінің жағымпаз жарамсақтығы айқын аңғарылып тұрады. Автор осылайша бір жайтты сипаттай отырып, кейіпкерлердің жағымсыз тұсын оқырманға тікелей айтпаса да, олардың дүнияуи әрекеттерін толық көрсетіп тұрғандығымен ерекшеленеді.

Келесі бір шоқтығы биік туындысы – «Ұйқың тыныш болсын» әңгімесі. Осы әңгіме желісімен 1981 жылы режиссер Сатыбалды Нарымбетов «Долана» атты толық метражды көркем фильм де түсірген-ді. Шығармаға аудандық қаржы бөлімінің ревизоры Бәймен Қауғабаевтың құрылыс трестінің бухгалтерлік құжаттарын тексеру барысында ашқан былықтары арқау болады. Жең ұшынан жалғасқан туыстық

байланыстар мен сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан қаржы бөлімінің басшылары «бүлік шығара қоймас» деген ниетпен кәрі әрі «кішкентай адам» Бәймен Қауғабаевты осынау мекемені тексеруге әдейі жібереді. Бірақ өзінің арына адал әрі ісіне ұқыпты жан үлкен көлемдегі параға алданбай, күрделі моральдық сынақтан сүрінбей өтіп (трест басшыларының бірі кезінде Қауғабаевты майданда алып шыққан медбикенің күйеу баласы болатын), тексеруді әділ аяқтайды (Сәрсенбаев, 1985). Өңгіме турасында бүкілодақтық журнал беттерінде сыншылардың оң пікірлері жарияланған болатын. Мұнда автордың әлеуметтік қақтығысты «таза моральға» жеңдіріп қана қоймай, кейіпкердің ішкі әлемін, мықты ерік-жігерін шынайы көрсете білгендігі өте маңызды еді. Осылайша, шығармада Кеңес дәуірінің қайталанбас бейнесімен қабат, барлық замандарда өзекті әділеттілікке сену және сол жолда ақырына дейін күресе білу қисынды суреттеледі. Сондай-ақ, бұл туынды өмірде жиі ұшырасатын көзге елеусіз, әдеттегі қарапайым «қызықсыз» адамды оқиғаның басты кейіпкеріне айналдыра алуымен де құнды еді.

Жазушының «Таңбалы тас», «Бақыт құсы», «Ыбырай түбегі», «Жалғыз күрке», «Гүлжаһан», «Сағым», «Тамыр», «Уәде», «Қойнау» сияқты әңгімелері да қазақ әдебиетінің алтын қазынасына қосылған соқталы дүниелер. Аталған туындыларға ортақ ерекшелік – реалистік шеберлік, сипатталған жайттардың шынайылығы, кескіні мен кейпі кесек сомдалған және дараланған кейіпкерлердің табиғи көрінісі. Қаламгер әрбір әңгімесінде адам жанының қалтарыс-бұлтарысын, оның кейбір сәттердегі жан-дүниесінде болып жататын нәзік өзгерістерді көркем бейнелеуге қол жеткізген. Мысалы, психологиялық-философиялық тұрғыда баяндалатын «Шешен әлі тірі» әңгімесіндегі кейіпкер Байсал – қай жағынан да кемеліне келген, дүниетанымы толық қалыптасқан жан. Ауылдан жыраққа кетіп, жалғыз шешесін көптен көрмеген ол қалада күнделікті күйбең тіршілік кешуде, отбасымен де жатбауыр кейіпте. Өңгімеде бас кейіпкер әріптесіне: «Менің көптен көңіл жайлаған бір арманым, ауылға жетіп қызық құмның баурайында жатып алып, бір ауық даланың сарнаған сары желін сімірсем деймін. Сонда иығымды басқан бір ауыртпалықтан құтылып, қунап кететіндей көремін де тұрамын» - деп ағынан жарылады (Сәрсенбаев, 1979: 71) Әйтседе, күнделікті тыныс-тіршілігі, өмірлік дағдылары үнемі қайталанып, оның бір күні екіншісінен еш айнымайды және ол осынау құбылысты өзгермейтін заң ретінде қабылдап, соған мойынсұнған. Сағат секілді бірқалыпты өтіп жатқан өмірінің тұрақты ырғағын аздап болса да бұзуға, өзгертуге оның батылы жетпейді.

Сондай-ақ, жазушының «Өткел» әңгімесіндегі Мұсатай Байқуатовтың бейнесі де мың қатпарлы, ішкі иірімдерге бай жанды образ. Оның қандай адам екені әдепкіде байқала қоймайды, тек нақтылы оқиға барысында ғана жан-жақты ашыла түседі. Кейіпкердің жан-дүниесі, рухани кемтарлығы мен қара пиғылы шағын эпизодтар пен монологтар барысында ғана анық көрінеді. Бауыр еті баласынан айрылған кейіпкер перзенті өлімінің өзін қара басының қамына пайдалануға күш салады. Қара басының қайғысын адал адамға тұзақ ретінде қолдануға тырысуы, тым есепшіл қатыгездігі кез келген оқырманның жанын түршіктіреді, қорқынышты сезімдерге жетелейді. Яғни, жазушы мұнда кейіпкердің жеке басындағы қайғылы оқиға арқылы оның ішкі әлемін оқырманға жайып салады.

Қоғамда адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынастардың, «өмірдің қайшылықты құбылыстарының күрделі шындығын» ашуға тырысқан жазушы барлық шығармаларында кейіпкерлерінің ішкі рухани әлемін, ондағы қиын-қыстау сәттерді, психологиялық түйіндерді екі алуан қырынан сипаттап отырады (Қирабаев, 2003: 165). Алғашқы қыры – туындының сюжеттік желісін селт еткізерлік, еліктіріп әкететін тосын оқиға арқылы өрбітуі. Мұндай шығармаларына: «Ұйқың тыныш болсын», «Мәміле», «Елес», «Қайыпберді қайтып келді», «Қамыс қаланың вокзалы» сияқты әңгімелерін жатқызуға болар еді. Ал «Шешен әлі тірі», «Жиде гүлдегенде», «Өзің қандайсың» секілді әңгімелерінде оқырман назары оқиғаға емес, кейіпкерлердің ішкі әлеміне ауады. Мұнда сыртқы оқиға желісі емес, арпалысқан сезім иірімдері мен қайталанбас мінез құбылыстарын зор шабытпен бейнелейтін кейіпкерлердің ішкі толғаныстары, монологтар, психологиялық суреттер шешуші рөл атқарады. Бұл құбылысты автордың өзіне ғана тән стильдік қолтаңбасы, даралық сипаты деуге келеді.

Шынайы өмір ақиқатын, өз тәжірибесін оқырманға көркемдікпен әсерлі жеткізу шеберлігін қаламгердің барлық шығармаларынан байқауға болады (Қирабаев, 2007). Ол шығарманың көркемдік және композициялық талаптарын ғана сақтап қоймай, сонымен қатар оқиғаның шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін үнемі ескеріп отырады. Кейіпкер портретін түзу барысында жазушы авторлық ұстанымын сақтай отырып, бейнелеудің шынайы эпикалық тәсілдерін қолданады. Ол жалаң мораль айтудан, қаһармандарын орынды-орынсыз сынаудан аулақ, тек оқиға желісін дәл, өмірдің түрлі жағдайындағы мінездердің құбылуларын қаз-қалпында шынайы көрсетуге күш салады. Әлбетте, мұндай қасиет кемеліне келген, шеберліктің шыңын бағындырған қаламгерге ғана тән ерекшелік.

Проза саңлағының 1998 жылы жарық көрген «Шеңбер» романында ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы қазақ қоғамның тыныс-тіршілігі баяндалады. Бұл шығарманың басты ерекшеліктерінің бірі – тарихта енді қайталанбайтын Кеңес дәуірінің көркем де шынайы бейнесін қаз-қалпында бере алуында еді. Көркемдік жанрлық тұрғысынан қарастырғанда, бұл – әлеуметтік-психологиялық роман. Мұнда жетпіс жылдай үстемдік құрған Кеңес заманындағы рухани қарым-қатынастар, келеңсіз жағдаяттар, өзара бақталас әрекеттер, билікке талас, ашкөздік, дүниеқоңыздық, өзімшілдік секілді жағымсыз қылықтарымен қатар, сол дәуір өкілдерінің жасампаздық жолы, адами келбеттері де жан-жақты бейнеленеді. Сырлы шеңбердің ішінен барлық замандарға тән зұлымдық күштерімен күресуге бел шеше кіріскен адамдық ары мен азаматтық жолын биік қоятын Шерәлі мен Тоқтарбайдай басшыларды көреміз. Қалтарыс-бұлтарысы мол қилы замандағы мұндай тағдыр иелері шығармада шынайы суреттеледі және сонысымен оқырманды еріксіз елітіп, бейжай қалдырмайды. Бұл роман қазақ әдебиетінің тарихындағы кеңестік шындықты еш боямасыз әрі тереңінен суреттеген ең сүбелі шығарма дер едік. М.Мағауиннің сөзімен айтсақ, «Өткен заманның қандай болғанын кейінгі ұрпақ танып-білер үлгілі шығарма, тарихи туынды дер едік. Адам ғана емес, заман да көрініс тапқан, енді қайтып келмес, ешқашан қайталанбас тұтас бір дәуірдің – советтік құрылым ауқымындағы қазақ тіршілігінің бір кезеңі таңбаға түскен өрісті роман Оразбектің

бүгінгі жеткен биігі және болашақтағы, жаңа тұрпатты жаңа туындылардың беташары тәрізді көрінеді» (Мағауин, 2002: 376). Өте дәл әрі әділ баға.

Бұл роман қаламгердің бабына келген, жазушылықтың қыр-сырын толық игерген шағында жазған сүбелі туындысы. Өзі куә болған, көзімен көрген тіршілік тынысын сол жалаң қалпында ғана суреттеуді місе тұтпай, қоғамдағы астарлы саяси, мәдени, әлеуметтік және психологиялық құбылыстарды эпикалық құлашпен, өзіне тән суреткерлік шеберлікпен дәл сипаттап беруі – шығарманың ең ұтымды тұсы деуге болады. Шығарма кейіпкерлері Тоқтарбай Арыстанбеков, Шерәлі Дүйсенбаев, Мүбәрәк Құсниденов, партизан Аппақов, Ақтай Жаһилов тағы да басқалар – ішкі жан-дүниелері қарама-қайшылыққа, талас-тартысқа толы жандар, бәрі де терең пайым жасай алатын, ақылды адамдар. Бірақ олардың да пендешілікпен шалыс қадам жасайтын сәттерін сипаттау және соның себеп-салдарының мәніне үңілу арқылы советтік саясат пен идеологияның ішкі қайшылықтарын шебер сипаттайды. Осы арқылы жазушы социализм жағдайындағы түрлі әлеуметтік топтарға жататын адамдардың сенім-наным, іс-әрекет, дүниетанымын әдемі өрбіте суреттейді. Бұл романдағы басты ерекшелік – сюжеттік желі де, санқилы образдар галереясы да өмірдің тура өзінен, қаламгерді қоршаған ортадан алынған.

Сонымен бірге, жазушы шынайы өмір бейнесін романдағы кейіпкерлердің сан қатпар психологиясы арқылы ашуға күш салады. Әр әдеби шығарманың түпкі негізінде күрделі ішкі әлемі бар адам психологиясы тұрады (Майтанов, 2004: 147). Әр жазушы – шын мәнінде психолог, оның міндеті – адамның жан дүниесін ашып көрсету, кейіпкердің іс-әрекетінің себептерін түсіндіру. Әдеби кейіпкер адамдардың күрделі қарым-қатынасын зерттеудің бірден-бір құралы қызметін атқармақ (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1998: 14).

4. Зерттеу нәтижесі

Жазушы О.Сәрсенбаев өз туындыларында кейіпкерлерін мұқият зерттеп, оларға біршама еркіндік те қалдырады. Кейіпкерлерін «шектемеу» үшін жазушы әр шығармада олардың ішкі әлеміне еруге мүмкіндік беретін бірқатар психологиялық әдістерді қолданады. Кейіпкердің ішкі әлеміне ерудің портрет, пейзаж, толғана сөйлеу сияқты дәстүрлі тәсілдерінен басқа О.Сәрсенбаев кейіпкерді өзімен, ар-ожданымен және әрекет бостандығымен жалғыз қалдыру әдісін шебер пайдаланады. Ол адамның рухани тәуелсіздігін саралап, рух бостандығының мәніне үңіледі. Себебі, адам жанының тылсым сырларын, ішкі рухани дамуын көре білу үшін осындай күрделі де түсініксіз әлемге терең бойлау қажеттігі туындайды.

Романда жазушы қолданған бірнеше әдістерді бөліп көрсетуге болар еді. Бұл, ең алдымен, кейіпкердің портреті, оның сөйлеуі, әрекеттері, кейіпкерлердің өзара бір-бірін сипаттауы және тікелей авторлық сипаттамалар. Сонымен қатар, кейіпкерлер терең моральдық күйзелісті басынан кешіріп, үнемі өз-өзімен тайталас жағдайында жүреді. Олар ашып сөйлемейді, яғни шындықты тікелей айтпайды, тек «байқаусызда айтып қалып жатады» да, сөздері екіұшты мағынаға ие болып, бірқатар ассоциациялар тудырады, сонысымен оқырманды қызықтырады. Ымырасыз қақтығысқа түсетін қаһармандар арасында бір-бірімен қызу пікірталастар жүреді де, сол арқылы ғана олардың сырлары ашылып отырады.

Романдағы жазушы қолданған кейіпкердің ішкі әлеміне енудің тағы бір тәсілі – бұл шығарманың композициясында жатыр: жекелеген эпизодтардың, көріністердің ұқсастығы мен кереғарлығы арқылы жақындасуы, сюжеттік жағдайлардың қайталанып отыруы (сюжет деңгейінде немесе сюжеттің фабуладан тыс элементтерін, мысалы, аңыздар, астарлы әңгімелер және басқа да қосымша эпизодтарды қосу). Сюжетке назар аударсақ, «Отыз жетінші разъезд» тарауында облыстық ауыл шаруашылық басқармасы бастығы орынбасарының денесі сол маңдағы көпірдің төменгі жағынан табылады. Айдың-күннің аманында арыстай азамат мерт болып, оның кімнің қолынан ажал тапқанын арнайы органдардың өзі анықтай алмайды. Ел ағасы кенеттен қаза тауып, оны жер қойнына тапсыру кезінде өлімнің неден болғаны жайлы небір алып-қашпа әңгімелердің туындауына себеп болады. Жазушы бұл жайттың облыс басшыларының тыныштығын алған тым шетін оқиғаға айналғанын оқырманның көз алдына елестетердей нақты деректер арқылы суреттейді (Сәрсенбаев, 2010).

Орынбасардың жұмбақ өлімі сырттай қарағанда бір тонның пұшпағын илеп жүргендей көрінетін, шынтуайтында, өзара іштей бақталас – обком хатшысы Мүбәрәк Құсниденов, прокурор Хансейітов, ауатком төрағасы Тоқтарбай Арыстанбеков секілді дөкейлердің бір-бірінен күмәндануына алып келеді. Осы тұста «Шеңбер» романы шарықтау шегіне жетіп, оқырманды ынтықтыра түседі. Оқыс оқиға үстіндегі кейіпкерлердің айлакерлігін, жымьсықы әрекеттерін суреттеу арқылы автор олардың ішкі жан-дүниелерінің қандай екенін оқырман алдына мөлдіретіп жайып салады.

Шығарманың ерекшеліктерінің бірі – О.Сәрсенбаев әдеттегі жаттанды сарыннан ауытқып, ешқандай кейіпкерді басты орынға шығармайды. Қалыптасқан ұғым хәм социалистік реализм талабы бойынша бас кейіпкер көбіне-көп мінсіз адам болуы керек еді. Ал бұл романдағы бас кейіпкер Тоқтарбай қарапайым пендешіліктен аса алмайтын көптің бірі, осылайша жазушы өзінің реалистік жолынан бір жаңылмайды. Тоқтарбайдың сыртқы пішінін суреттей келе типтік сипат арқылы оның ішкі психологиясын да дәл көрсетеді. Оны жоғарыда атап өткеніміздей, кейіпкердің жүрекжарды монологу арқылы ашуға тырысқан. Тоқтарбай үнемі өзінің ішкі менімен арпалысып жүреді. Ел арасында белең алып, дертке айналған екіжүзділік мінездің өзінің де бойында бар екенін, қайрат көрсетер жерде бұғып қалар қорқақтығын, боркемік жігерсіздігін оның өзі де еріксіз мойындайды.

Романдағы күрделі кейіпкерлердің бірі – облыстың жоғары басшысы Мүбәрәк Құсниденов. Оның да сыртқы кейіп-кескінін, жүріс-тұрысы мен мінез-құлқын бейнелей келе қаламгер кейіпкерінің ой-өрісін, білім көкжиегін қоғамдағы қалыптасқан ахуалмен астастыра, сабақтастыра сипаттайды. Сол арқылы қоғамды меңдеген өзімшілдік, көре алмаушылық, дүниеқұмарлық дерттерінің сырларына жан-жақты үңіледі.

Аталған екі қызметкердің өмір салты, атқарып жүрген қызметтері сырттай ұқсас болғанымен – екеуі екі әлемнің кейіпкерлеріндей әсер қалдырады. Тоқтарбайдың ел алдындағы бейнесіне қарап халық оны әділетті әрі иманды жан деп бағаласа, Мүбәрәк мақтансүйгіш, бақталастықты өмірлік мұратындай көрген өзімшіл тұлға ретінде көрінеді. Осы екеуі және басқа да кейіпкерлердің нақтылы бір оқиға үстіндегі

тартыстарынан олардың ішкі әлемдері, пиғылдары айқын көрініп отырады, шынайы шындықты жайып салатын шым-шытырық оқиғалардың шешімі – романның оқырманға ең бір ұнайтын ұтымды тұсы.

5. Қорытынды

Қара сөздің шебері Оразбек Сәрсенбаевтың шығармаларына тән биік рухани құндылықтарды ұлықтау оған жаратылысынан дарыған имандылық және адамгершілік тәрбиеден бастау алғаны айқын. Осы бір ерекше қасиеті қаһарлы кеңестік кезеңнің өзінде де жазушы шығармаларын өзгелерден ерекшелендіріп тұрған еді. Ал еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мұны арнайы тақырыпқа айналдырды. Сол бағытта ұлт жанашыры Мұстафа Шоқайдың еңбектерін насихаттады. Көркем прозасына алтынқазық болған рухани бастау, имандылық, адамгершілік рухани астар кейінгі рисалаларында жаңаша мазмұн тапты. Сол арқылы ойлы, болмыстың өзекті мәселелерін мүлдем тосын әдеби амалдар арқылы шешендікпен толғаған шығармалар жүйесін жарық дүниеге әкелген. Жазушының ерекше суреткерлік қыры «өмірде болып жатқан дүниелерді осы шақта, адам мінезі мен психологиялық ахуалының түрлі иірімдерін шынайы сомдауында», адамгершілікті, ізгілікті, рухани құндылықтарды азаматтық кредосына айналдыра білуінде жатыр (Жанұзақова, Байбатшаева, 2022: 48).

О.Сәрсенбаевтың «Шеңбер» романында қозғалған XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ қауымында белең алған әлеуметтік-психологиялық проблемалар бүгінгі таңда да қоғамда көрініс беріп қалатыны жасырын емес. О.Сәрсенбаев туындылары адамгершілік мәселесін сан қырлы, барлық жағынан қарастырған, қайталанбас кейіпкерлер бейнесімен сол кезеңде қоғамдағы адамдардың рухани жан-дүниесін, адамгершілік бейнесін, психологиялық қалпын мықты көркемдеген шоқтығы биік туындылардың бірі екені даусыз. Осы ерекшеліктері ескеріліп, 2000 жылы Оразбек Сәрсенбаевқа «Шеңбер» романы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығы берілген. Жазушы стильдік ізденістері арқылы қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, шығармалары қалың оқырман тарапынан да, үкімет тарапынан да жоғары бағаланып, аға буын жазушылар мен замандас майталмандар және кейінгі толқын өкілдері мойындаған қарымды қаламгер Оразбек Сәрсенбаевтың туындылары өлмейтіні анық.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 278 б.
2. Жанұзақова Қ.Т., Байбатшаева Ж. Оразбек Сәрсенбаев рисалаларының көркемдік және жанрлық ерекшелігі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. № 2 (2022). – 42-52 бб. <https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/115.pdf>
3. Zhanuzakova K., Onalbaeva A., Sametova Zh., Turgunov Y., Realistic, modern and postmodern dominants in the modern world. Opcion (Venezuela). – V. 34. – Iss. 86-2. (2018). pp.315-324. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30394>
4. Қирабаев С. Көп шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 456 б.
5. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003. – 224 б.
6. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. – 7 том. – Алматы: Қағанат, 2002. – 454 б.
7. Майтанов Б. Көркем әдебиеттегі психологизм. – Алматы, 2004. – 336 б.

8. Сәрсенбай О. Өмірнама. – Алматы: Қайнар, 2005. – 688 б.
9. Сәрсенбай О. Шығармалары: Роман. 4 том. – Алматы: Қайнар, 2010. – 384 б.
10. Сәрсенбаев О. Жақсының көзі: Әңгімелер / О.Сәрсенбаев. – Алматы: Жазушы, 1979. – 264 бет.
11. Сәрсенбаев О. Уәде: Повестер мен әңгімелер / О.Сәрсенбаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 бет.

References:

1. Dictionary of Literary terms. (1998). – Almaty: Ana tili. – 278 p. (In Kaz)
2. Zhanuzakova, K.T., Baibatshaeva Zh. (2022). Artistic and genre features of Orazbek Sarsenbayev's risalas // Herald of Toraygyrov University. No. 2 – pp. 42-52. <https://vestnik-philological.tou.edu.kz/storage/journals/115.pdf>. (In Kaz)
3. Zhanuzakova K., Onalbaeva A., Sametova Zh., Turgunov Y., Realistic, modern and postmodern dominants in the modern world. Opcion (Venezuela). – V. 34. – Iss. 86-2. (2018). pp.315-324. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30394>
4. Kirabayev S. (2007). A collection of many works. Volume 1. – Almaty: Kazygurt. - 456 p. (In Kaz)
5. Kirabayev S. (2003). Kazakh literature in the Soviet period. – Almaty: «Bilim», 2003. – 224 p. (In Kaz)
6. Magauin M. (2002). Collection of works: Thirteen volumes. Volume 7. – Almaty: Kaganat. – 454 p. (In Kaz)
7. Maitanov B. (2004). Psychologism in fiction. – Almaty, 2004. – 336 p.
8. Sarsenbay O. (2005). Biography. – Almaty: Kaynar. – 688 p. (In Kaz)
9. Sarsenbay O. (2010). Works: Novel. Volum 4. – Almaty: Kaynar. – 384 p. (In Kaz)
10. Sarsenbaev O. (1979). The eye of the good: Stories / O. Sarsenbaev. – Almaty: Zhazushy. – 264 p. (In Kaz)
11. Sarsenbaev O. (1985). Promise: Tales and stories / O. Sarsenbaev. – Almaty: Zhazushy. – 400 p. (In Kaz)